# СӘУЕГЕЙ

(Әңгіме)

Жемі шақтылы азанғы шайды ұзақ сораптады. Жіпселеңдеді аздап. Әлсіз жүрек соғысын күшейтіп, ширай бастады да, әр ойдың басын шалды. Оны-мұны әкелуге кеткен Жайнагүлді есіне алды. Одан үйреншікті сәуегейлігіне ойысты. Марқұм Раиса соңғы сәтінде не деген? Басылымдар да, теледидар да жарытып ештеңе айтпады. Қызыл сөзге жүйрік айқайшыл жорналшылар әдептен озбаған. Есіркегені де пақырды. Өлгендерге тасты ата-ата жалыққан да шығар. Бір жағы Михайлекеңді аяған. Алып империяны апатқа ұшыратып, құрдымға батырғаны аздай-ақ, жарынан айрылғаны оңай деймісің?! Өлмейтін пенде жоқ, оған да бұғалық түседі. Жан алқымда нендей сөз оралар екен тілінің ұшына?! Біржібайдың баласы Лекең де тапқырлық танытқан. «Маған аздық етеді, маған аздық етеді» деп екі рет қайталапты. Сталин жолдас та бірдеңе деген. Кілттеулі есіктің ар жағында орнынан тұра алмай үйелеп жатқанда, қарлығыңқы әлсіз үнмен: «Сатқындар өңшең!» дегенін аспазшы кемпірдің құлағы шалыпты.

Ерсары қобалжыды. Осы әурешілікті тастаса қайтеді? Шікәтті жүрегіңе салмақ. Біреудің өлер алдындағы сандырағынан тірілерге нендей ғибрат?! Қолына түскен кітапты құтқармайтын оқымпаздығы парыз-қарызы жоқ зиянсыз машыққа айналғанын өзі де байқамаған. Алғашқыда көркем шығармалардағы кейіпкерлердің қош-қошын түйді ойына. Ұлы адамдардың өсиетін тізбеледі. Одан қала берді, ертеңді-кеш дүниеден озған алыс-жақынның ақырғы сәтін бағатынды шығарды. Қағазға түсірмейді, жадында ұстайды. Газет, журнал қиындылары бір бума еді, әйелі долданып жүріп отқа тастап жіберіп... Содан былай артық ауыс қағаз ұстамайды. Жадына сенеді. Ұмытпаудың амалын да тапқан, ұзақ таң күзетте отырғанда, ойына түйген тіркестерді бірнеше мәрте қайталап шығады. Біреулер сұрағанда сақ еткізеді. «Әй, сәуегей, әлгі сиыршы шал не depті өлерінде?» «Мәліктер-ай! - деген. Мәркістің ақырғы лебізін де бұлжытпайды, әйелі естіп қалыпты: «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» деген ғой.

Қолбасылар мен атақты адамдардың, патшалардың демі таусылар сәттегі өксігі бұған бес саусақтай белгілі. Жақында ғана талқанын тауысқан Жаңқа шалдан да сөз қалды. «Тоқсан бес жыл өмір сүрдім, тоқсан бес күндей болмады-ау?!» деген ғой кәрі лақса. Ішкіш Әңгелбай ықылық атып жатып: «Денсаулық үшін бір алайық», - депті де, ұсынып жүре беріпті. Осының бәрін қайдан естіп алатынына өзі де таң?! Құлағына шалынбаса тіке түсіне енеді. Өзінің ауылдасы әйел жанды Шорабек шонданайынан мертігіп, апа-сапа аттанып кетті. Ол марқұмнан да сөз қалды. «Бір сүйгізші» депті сандырақтап жатып.

Ол негізгі ойына көшті. Раиса ханым не деп кетті екен? Әзірше оқыс пікір, одағай оралым көрінбейді газет беттерінен. Етегі көтерілмей кеткен әйелге не деп мін тақсын?! Еңбегі ересен марқұмның. Сүйікті Мишасының құлағына құйып бақты-ау ақыл-кеңесін. Социализмнің шырмауында бұлқынған еркіндігі шектеулі Кеңес адамдарын бостандыққа шығаруға жанын салып баққаны неге тұрады?! Қалды басы айтқанынан шықпады. Әйеліне адал-тын. Ләззатшыл патшалардай хас сұлуға сұқтанбады. Жарына ғана арнады махаббатын. Езілген Кеңес халқына еркіндік беремін, адам құқын қисынсыз шектемей заңды жұмсартамын деп жүргенде, тізгінді қолынан шығарып алды.

Ерсарыны әуестік жеңді. Қалдыбасекең өз мәресіне жеткенде не деп түйіндер екен?! Бәлкім, Раисасын, әйтпесе бақталасы Барысекеңді есіне алар. Сол Барыс дүлей емес пе оны тақтан шеттеткен. Елегізді ол. Қараптан-қарап күдік енді көңіліне. Қалаға базарлап кеткен Жайнагүл кешігіп жатыр. Өткен жолы тоналып, сопа басы келген. Төзімді өзі, бейнетке мойымайды. Қолына бірдеңе жұғады, сол жұғын бұларға қорек. Қалада оқып жатқан екі балаға, өздеріне қорек. Жайнагүлдің үйде түнегенінен түзде ерулегені көп, соған алаңдайды. Қырықтағы ту қатынға сенім бар ма?! Күрсінді. Қиялы алыстап кеткен жылдарға ойысты. Екеуі де кескінді-тін. Әсіресе, Жайнагүл әдемі. Тағдыр мықтап мытыған бұларды. Ерсары машина апатына ұрынды. Келіншегі дүкеннен мойнына ақша мінгізіп алып, кесігін кара жұмыспен өтеді. Шопыр Ерсары шойнақ атанды. Дүкенші Жайнагүл шотты сыпырғышқа алмастырды. Бұл біраз өмірін күзетшілікпен өткізіп еді, қысқартуға ілігіп одан да шет қалды. Әбі-тәбі жәрдемақы не киімге, не тамаққа жетпейді. Сосын басқалардан қалыспай темір-терсек тергіштейді. Кітапсыз, газетсіз жүре алмайды. Көлденең олжасын рухани азыққа жұмсайды. Үйреншікті машығынан қол үзгісі келмейді. Өзгелерге ерсі әурешілігі өзіне аса қымбат. Кісіні ізденіске итермелейді, сонысы жақсы. Су ішкілігі таусылған пенденің соңғы жан айқайы оңайлықпен лықсымайды көмейден. Өлерінде анау сүйдеген екен, мынау бүйдеген екен деп жалған қисындыруға басынан жоқ. Сөзіңе өтірік араласса тыңдаушыңды үркітіп алғаның. Асырып та жібермей, кем соғып та жатпай дәлелмен өрбітуің кажет ойынды. Бір кемшілігі - қалам ұстамайды. Баяғыдан бергі пікір-дәйегін қағазға қондыра бергенде ғой толымды еңбек боп шығатын еді. Кітапты көп оқығанның нәтижесі ме, кез келген адамның ішкі ойын жүзінен андайды. Осындай сезімталдыққа қатты бейімделіп кәнігіленіп алған. Тіл-аузы байланып, өлім табалдырығында жатқан науқастың жан тәсілім сәтіндегі не айтайын дегенін тап басатын сәуегейлігі әбден шыңдалған. Ажал сағатындағы жанталаста ұзына ғұмырында өзге тұрмақ өзінен де жасырған, тісінен шығаруға жүрегі дауаламаған құпиясы о дүниеге бет бұрған пақырдың қайткенде де тілінің ұшына келеді екен. Жақында Ақсораң кентінде ұзақ жасаған Шайдар шал тілден қалған-ды. Кейуана басынан сөзге сараң-тын. Үзілер сәтінде басы бар, аяғы жоқ, бірдеңені былдырлайды ғой. Балалары шапқылап Ерсарыға келген. Шал бұны көріп «сайрап» қоя берсін. Сөзбен емес, ыммен, әлсіз қимылымен. Жарықтықтың шапыраштанған көзі өзі пір тұтатын көсемдердің портретіне тесілсін. Ықылық ата кемсеңдеп булыға жыласын. Ерсарының да сезгірлігі ғаламат. «Ә, бүгін Сталиннің туған күні» деуі мұң екен, өлгелі жатқан соғыс ардагеріне қолма-қол тіл бітсін. Сөйтсе кәрі қақсалың мұртты көсемнің шыр етіп дүниеге келген күнін есіне түсіріп «бүлініпті». «Қарияға жүз грамм беріңдер», - деген сәуегей Ерсары нық сенімде. - Өлмейді, әлі үш-төрт жыл жүреді. Туған күнін атап өтсін Стекеңнің. Ал сол алжыған шал жан тәсілімде: «Сталин үшін алға!» - деп көз жұмбаса қара да тұр. Қара дүрсін қисынға сүйеніп, ой жобамен-ақ долбар жасауға болады. Онда тұрған сондайлық шешілмейтін шие жоқ. Десе де бұған оңайға түспейді үйреншікті сәуегейлігі. Кейде қараптан-қарап қуыстанады. Қалай өзі?! Осы әурешілігіне жол болсын! Күн көруге пайдасы тимеген тапқырлықты қуалай бергеннен не шығады?! Айныды аяқ астынан. Мектепке шақырған. «Ғалам жұмбақтары» деген тақырыпта пікірталас өтпекші. Соған бұл өз ойын білдіреді. Жұмбақтың көкесі ғаламда емес, адам бойында. Әр пенденің ішкі дүниесінде. Осыдан пікір өрбітеді. Бір жақсысы, бұны тыңдауға үлкен де, кіші де әуес. Ғұлама деп біле ме, қоймайтын сұрақтары қалмайды. Ойлары белгілі, сүріндіріп мазақ етпекші. Көріпкел де осы, діндар да осы, сәуегейлік те бұдан құтылмайды. Көп оқитыны, ізденімпаздығы құтқарады. Әйтпесе аянбайды өңшең пәтуасыз. Өзін ақылды, өзгені ақымақ санауға жеткізе ме, бүгінгінің адамдары.

Жайнагүл де жетті артынып-тартынып. Ерсарының бұйымтайын қашанғы әдетінше таппаған. Жарайды, кітап алуға мұршасы болмасын, бірер газет ұстай келсе қайтетін еді?! Айтуға аузы бармаған. Итше қауып тастайды, жетісіп жүрмін бе дегеннен келеді сөзінің кіріспесі. Әй, дегенмен, қара жонау өзі! Шаршап-шалдығуды білмейді. «Жетісіп жүрмін бе?» дегені әншейін, мұны жасқаудың амалы. Буы аспанға шығады. Шіркін, денсаулық-ай! Бұған ілескендердің біразы орта жолда қалды. Саудасы жүрмегеннен де бұрын ала өкпе жүгіріске қалыптаспаған әйелдердің көбісі ылғалды. Ашық базарда сықырлаған сары аязда аларманның қабағын бағумен сарылып, көрінгеннің қалтасына телмірген қайбір жетіскендік. Базарға келгендердің қалтасынан бода-бода ақша шығып жатса, әкелген тауарын жұрт таласа-тармаса алып жатса арман не?! Соған шыдап көнпістік танытқан Жайнагүлдің төзімділігіне разы. Тым еркінсіп барады, соңысы томпақтау. Біреудің әйелі екенін, құдай қосқан қосағы барын ұмытуға болмас, онда ол өзін де жоғалтып алуы кәдік.

- Көңілімді аулап, ең құрыса бір кітап ұстай келсең қайтетін еді?! - деді Ерсары шыдамай.

- Ой, кітапта басың қалғыр! Жоқты көңірсітпей жайыңа отыр әрмен! - деп зайыбы қауып тастады.

Дегенмен, еркек аты бар, берісқпеді.

- Саған жалынбаспын! Күресіннен темір-терсек терсем де, нандығымды айырамын.

Қатыны қатты кетті. Бұрқырап берсін. Мұның сәуегейлігіне соқтықты. Жарымжан еркекке телініп ғұмырым текке өтті дегенді және қосарлады. Екі баланы өз күшімен оқытып жатқанын, жөні түзу баспанаға таяуда ғана қолдары жеткенін, көзіне шұқып тұрып қайталады. Біреуді алдап, біреулерді арбай қызыл табан боп жүгіргіштейтіні қараған басының қамы ма? Балаларының жағдайына бола емес пе?! Керек десең, машина мінбек ойы бар: «Саған сол зиян ба?» - деп күйеуіне шүйліксін-ай!

Ерсары жеңілгенін мойындап, шарасыз тоқталды. Сіресіп жатты да, сәрсенбінің сәтінде кенттің түстігіндегі шоқыны бетке алды. Аса ұзай қоймайтын еді бұрындары. Жақын маңдағы күл-қоқыс үйіндісінен керегін аршып алатын. Бұл жолы шамадан тыс шығандауға бел буған. Далада қона салуға азық та ыңғайлаған. Құдиып кеп қалған машинадан сескеніп, жарлауытқа бұрылды. Базарды ұстап тұрған байшыкеш Бұлкен бе деп қалған. Кірмейтін есігі, сұғынбайтын тесігі жоқ сұғанақ жазған базардан үнемін айыратын бойдақ қатындарды ертеңді-кеш сейілдетуден жалықпайды. Жайнагүлді іліп кетпесіне кім кепіл?! Базар бастық туралы: «Көз көрген емес пе, менен салықты аз алады» деп сарындаған әйелі бірде. Соған қарағанда, бұның бикесін де аман жібермейді-ау. Құрдастыққа сыйдырып кие жаратын ол: «Қатыныңды маған бақтырып қойып, үйде шәлжиіп жатасың, ә?!» - деп түйреген бірде.

Басқа біреу боп шықты. Сұлуша келген мұртты жігіт шешесінің аяқ астынан ауырып қалғанын, бірдеңе деуге тілінің келмей жатқанын айтып жігі-жаппар болсын. Ішпек жоқ, жемек жоқ, не діндарлыққа, не үлкендікке жатпайтын сәуегейліктен мезі болғанын сылтауратып көріп еді, мұртты жігіт сауап ақыңызды береміз деп шамына тиді. Ерсары әдетінде жоқ, мінезге басып шытынап берсін. Жігіт жыласын кеп балаша. «Жалғыз шешем еді, жетім өсіп едім, ең құрыса өсиетін естіп қалайын».

Барған. Сексенді молынан қусырғанымен келімді кейпін жоғалтпаған ақ бәйбіше жер төсекте сұлық жатыр. Көзін ашты да, ернін жыбырлатты. Тілі күрмеліңкі. Көкейі сайрап жатыр екен. Қабілеті күрт тұтанып, - сәуегейлігінің күш алатын сәтін Ерсары мүлт жібермеді. Ажал жастығына бас қойған ананың демі үзілер сәттегі жан айқайы құлағына еміс-еміс шалынды. Еліге еңсеріліп, қимылын бақты науқастың. Ауыр демігіп, ыңқылға басқан ол баласын көзімен іздеді. Науқас сәл тыншыды. Сөйлемекке күш жиғаны. Айтайын дегені тіліне оралмай құр емеурінмен тынды. Баласына нұрсыз жанарын аударды. Ананың қажыңқы көзінен тілмен айтып жеткізгісіз сырды ұқты бұл. Үзік-үзік сөз де шықты тісінің арасынан. Мағынасы тым көмескі бұлдырлау еді. Бұл оның қимыл-қыбырын қалт жібермей сұңғыла сезімталдықпен байыптады. Баласы түк түсінбедімді бұған ыммен андатқанда, Ерсары кәрі кеуденің қуысындағы бұлқыныcты нәзік сезімталдықпен зерделеп ажырата бастаған. Тозған көкіректің запыран наласын қапысыз байыптау қиынның қиыны. Дегенмен, Ерсары кәнігілігін бұл жолы да танытты. Баласы куә, шешесінің аузынан үш-ақ ауыз сөз шықты. «Құрман... бала... әке...» Жобалағанда былай боп шықты: «Сенің әкең Құрман шал еді, мені соның қасына қой...»

Ерсары дәсірейді. Қабілетінің мұқалмағанына мағұрланып, шоқтығы биіктеді. Өзінде де бар, тым төске өрлемей-ак ауыл-аймақтың айналасында өрістетсе де жетпей ме сәуегейлігін. Мишаның Раисасына бола бас қатырып әуреге түспегі не?! Өсек пен өтірікке су жорға жүздеген басылымды сүзіп шыққанша не заман?! Саңырау құлақша қаптап барады газет дегенің. Оқуға уақыт тапқанымен, сатып алуға қалтасы көтермейді. Жүрген жоқ па, соның амалымен. Тиын-тебен түсіремін бе деп...

Биік шоқының айналасы төгіндіден аяқ алып жүргізбейді. Сай-салаға әкеп төге берген, төге берген. Бұған керегі мыс пен алюминий. Көздегенін кезіктірмеді, нан талаптар шегірткеше жайлап кетіпті. Ертеңді-кеш өріп жүреді. Бала-шаға, қатын-қалаш, шал-шауқан. Солардың қоржынында кеткен жылтырақтары. Дағдарды да етектегі үйіндіге ойысты. Бұл тұсқа түртіншектер жолай қоймайды, құрамында залалды қоспа бар. Екі сөзінің бірі сені мен асырап отырмыннан келетін әйелімен сырттай ұстасқан бұл қауіпті үйіндіге еріксіз ұрынды. Үйге құр қол оралғанды намыс көрді. Кітап-сітәпка шығындайсың деп ақша ұстатпайды қатыны. Оқымаса ойы тоқырап, қиялы шабандайды, ермек қып жүрген сәуегейлігінен көз жазады. Көрмейсің бе, әне! Өлгелі жатқан кемпірдің құпиясын баласына ашып берді. Оқыстан тілі байланған талайдың арыз-қошын дөп басты. Жайнагүлге желік бітті екен деп, сүйегіне сіңісті ермегін қалайша аяқ асты етеді?! Әйел ерік алған заман болды. Саудагерлікті сылтауратып, төске өрлеп барады, түге! Табыссыз үй күшік байды не қылсын?! Басынды бұлар, басынды! Еркек бейбақты.

Үйіндіге еріксіз килікті. Жер қопаратын дәрі қоймасына қарауылшы боп жүргенде, күші қайтып залалсызданған қопарғыш заттың талайын әкеп төккізген. Одан бері де сан ай жаңарды. Мәңгілік делінген Кеңестік империя да келмеске кетті. Соныңның ойда жоқта тоңқалаң асқаны, бір есептен дұрыс та шығар. Жер қойнын көр тышқанша үңгіп қопара берген, қопара берген. Кез келген жер темір үйіндісінен көрінбейді. Тасып-ақ жатыр. Таусылатын түрі жоқ. Қаптатып тәңкі жасатып, соғыс қаруын үстін-үстін үдетіп жанталасқанда, кәмонезімге тезірек жетеміз деп ойлады ма екен?! Есіне тағы бас Миша түсті. Қоғамды сауықтырамын деп жүргенде тағынан ауып тынған ақымақ патшаны аяды. Сол сығыр өлер алдында не деп сандырақтайды?! Дөп басып көрсінші. Жүрегі тиіртпектелді. Одан бұрын өзі кетіп қалмаса ана жаққа. Түсі бір оңалмайды. Тәңірдің ісін кім болжаған?! Бұның сәуегейлігі әншейін далбаса. Тоңқаңдаған қара қоңыз да бір, бұл да бір. Айырмашылығы аздаған ғана. Қоңыз өлетінін түйсінбейді, мәңгілік деп біледі тырбанысын. Ал бұл - түптің түбінде өлетінін күн сайын емес, сағат сайын сезініп, шыбын жанын шүберекке түйіп жүргені. Есіне атақты шайырдың өлең жолдары оралды. «Бақыттыау, бұл дүниеге келмегендер, тыныш-ау, тумағандар анасынан...» Күпірлік барып тұрған! Қайта жарық жалғанды көргеніне, жер басып жүргеніне шүкірлік десін.

Жүрегі лүпілдеп аузына тығылды да, демігін басты. Шойнақ аяғының мұқылы және сыздасын. Тау боп жатқан үйінді қапелімде бұған жылан ордасындай суық та қорқынышты көрінді. Біреу әдейілеп от тастады ма, аумақты күлқоқырдың әр тұсы быкcып түтіндеп жатыр.

Ерсары қолайсызданды. Жат бақшаға сұғынған ұрыдай қуыстанып аңғарды жіті барлады. Сейілдеушілер жүр ме деп өзінше сақтық ойлағандағысы. Кентте мұны білмейтін адам шамалы. Үлкен-кіші сәуегейлігіне тәнті. Содан ептеп тартынады, әйтпесе біреудің біреуде не жұмысы бар. Жіберген жоқ па еркіне қорғансыз өңшең қара тобырды.

Кенет Жайнагүлді ойына алды. Бүйен қараның машинасынан түспеуші еді, бұған ерегісіп отырып алған шығар тағы?! Құтырды қатын біткен, құтырды! Демократияның қызығы мен шыжығына қарық боп жүрген солар! Сорлады ғой, еркектер, сорлады!

Жүрегі тіке шаншыды. Айныды. Ақырында түртіне бастады. Бір бума сым ілікті қолына. Одан ескі жез легенді аршып алды. Олжаға құныққан ол сақтықты ұмытайын деді. Түтіндеп жатқан тұсқа да темір күршегін жүгіртті. Ұзын сымды күшке сап тартқаны сол еді, қозға жан біткендей дүмпіп берді. Демге келтірмей, қатты серпіп жіберді де, кеспекше домалаңдай жөнелді төмпейден. Есін жиса төменде жатыр. Аяғынан жан кетіп қалған. Тіреуге келмейді. Екі қолымен жер тіреп жанталаса сүйретілді. Сойқанды төмпейден ұзаған шығармын деп алдаусыратты өзін. Бар болғаны есік пен төрдей-ақ, өндіре жылыстауға шама қайда?! Кеуде қуысында бос қалғандай шоршиды жүрегі. Бір жақсысы - тынысы түзеліпті. Құлақ бітелген, жанары сау тәрізді. Миы да орнында, ойлайды бірдеңені. Ана жаққа кетіп қала жаздаған жоқ па? Не дегені қанша ойласа да есіне түспеді. Іле көңіліне күдік келді. Соңғы сөз деген айтыла ма? Жаңа өзі не деп жарытты?! «Өлдім-ау!» дегені құлағында қалыпты. Айдаһардай ысқырынып, лебімен тартқан ажалдың аран аузына жұтылар сәттегі пенденің жан даусынан мағыналы сөз дәмету - барып тұрған есуастық! Осы ойға табан тіреп қалуға аз-ақ қалды. Бір жағынан ғұмыр бойғы ізденісін жоққа шығаруға жүрегі дауаламай және тартынды. «Тірі қалдым ғой, содан шығар ойыма жөні түзу сөз түспегені» деп жұбатты өзін.

Аяғына жан кіріп, өз-өзіне келе бастағанда, менің осы жанталасымды біреу-міреу көріп қоймады ма деген сақтықпен айналасын шолды. Көк желкеден төнген Сұлушоқы түк сезбегендей салқын томсарады. Көгерішті сайдан лекілдеп самал есті. Тынысы кеңіп салды да, тізерлеген қалпы ұшқатты бөктерге көз жіберді. Ұшқаттың тасасында машина тұр доғарылып. Бұлкеннің сия көк иномәркісінен аумайды. Дәу де болса сол соққан! Үйреншікті қонысы оның бұл маң. Ішудің де, құшудың да жоспарын асыра орындайды. Кезінде бұл да дәуірлеген. Жиырма мен отыздың арасында. Ендігі жүрісі мынау. Жұқарып салды қолма-қол. Күлқоқырдан үнем айыртқан ит тірлікке не шара?!

Енді аңғарды. Машина тұрған тұс бұдан мықтаса үш жүз метр. Екеудің қарасы шалынды. Бір еркек, бір әйел. Шыдамады. Солай қарай сырғыды. Қос тізерлеген қалпында. Аяғымен тік тұрып кететіндей қуат қалмаған мұнда. Жаңағы дүмпуден бөксе жағы қатты зақымданған тәрізді. Жамбас сүйегі сыздап әкетіп барады. Қапелімде бір жақ шекесі сүққылап, тас төбесі ысыды. Ұшқаттың тасасына іліккенде барып еркін бақылауға мүмкіндік алды әлгілерді. Еркекке емінген әйелді Жайнагүлге ұқсатты да, жан дәрменде орнынан көтеріле беріп, томардай опырылып түсті. Жанталаса тырбаңдаған ол: «Менсіз адамдарға қиын!» - деп айтып үлгерді.

**Өмір КӘРІП,**
**жазушы.**